

Біріккен Ұлттар Ұйымы серверінде Қазақстан Республикасының тұрақты дамуы жөнінде ақпарат дерекқорын қалыптастыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 8 қазандағы N 1295 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 8 ақпандағы № 59 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.02.2016 № 59 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының тұрақты дамуы саласындағы жетістіктерімен халықаралық жұртшылықты хабардар ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Біріккен Ұлттар Ұйымы серверінде Қазақстан Республикасының тұрақты дамуы жөнінде ақпарат дерекқорын қалыптастыру ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне Біріккен Ұлттар Ұйымы серверінде Қазақстан Республикасының тұрақты дамуы жөнінде ақпарат дерекқорын қалыптастыру үшін жауаптылық жүктелсін.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 922 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 8 қазандағы
N 1295 қаулысымен бекітілген

Біріккен Ұлттар Ұйымы серверінде Қазақстан Республикасының тұрақты дамуы жөнінде ақпарат дерекқорын қалыптастыру ЕРЕЖЕСІ 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы ақпаратын жинау мен өңдеу және Біріккен Ұлттар Ұйымы серверінде дерекқорын қалыптастыру мәселелерін шешу

ү ш і н

ә з і р л е н д і .

2. Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

"Тұрақты даму" - әлеуметтік-экономикалық міндеттер мен қоршаған орта проблемаларын теңдестіре шешу әрі адамдардың қазіргі және болашақ ұрпақтарының салауатты да қолайлы қоршаған ортаға қажетін қанағаттандыру.

3. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі тұрақты даму жөніндегі деректерді жинау, өңдеу және кейіннен Біріккен Ұлттар Ұйымы серверінде Қазақстан Республикасының тұрақты дамуы жөнінде ақпарат дерекқорын қалыптастыру үшін оларды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне беру мәселелері бойынша үйлестіруші орган болып табылады.

2. Қалыптастыру тәртібі

4. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі БҰҰ хатшылығы мемлекеттердің тұрақты дамуы жөнінде ақпарат дерекқорын қалыптастыру және ақпаратты БҰҰ серверінде орналастыру шеңберінде дайындаған, құрамына Қазақстан Республикасы кіретін БҰҰ-ға мүше елдер үшін жасалған тұрақты даму жөніндегі сұрақтар тізбесін жыл сайын министрліктерге, агенттіктерге және жергілікті атқарушы органдарға жібереді.

5. Министрліктер, агенттіктер мен жергілікті атқарушы органдар сұрақтарды алғаннан кейін бір ай мерзімде тұрақты даму жөнінде сұратылған ақпаратты Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігіне ұсынады.

6. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі:

- 1) ұсынылатын материалдарға техникалық талаптарды айқындайды;
- 2) ұсынылған ақпаратқа талдау, қорыту және жүйелеу жүргізеді;
- 3) алынған ақпараттар негізінде Қазақстанның тұрақты дамуы мәселелері бойынша ақпарат деректер қордасын қалыптастырады;
- 4) хабарлауды ұйымдастырады және тұрақты даму мәселелері бойынша ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізуін қамтамасыз етеді;
- 5) тұрақты даму саласында тәжірибе алмасу жөнінде оқулар, семинарлар және конференциялар өткізеді;
- 6) мемлекеттік тілде, орыс және ағылшын тілдерінде әзірленген материалдарды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жібереді.

7. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі ұсынылған материалдарды қарағаннан кейін оларды Біріккен Ұлттар Ұйымының депозитарийіне беруді ұйымдастырады.

3. Қаржымен қамтамасыз ету

Осы Ережеде көзделген іс-шараларды орындау жөніндегі қызметті қаржыландыру тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте мемлекеттік органдарға ақпарат жүйелерін құруға және дамытуға көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК